

Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмекпен жүгінуі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының 2016 жылғы 11 мамырдағы № 6001-16-7-6/196 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 17 маусымда № 13794 болып тіркелді.

2015 жылғы 31 қазандағы "Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 476-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының м.а. 24.04.2019 № 3 (алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмекпен жүгінуі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) Халықаралық байланыстар және Протокол департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы бұйрықты алған соң Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан

Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) басшысының орынбасары В.Д.Федотовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының жанындағы Соттардың қызметін
қамтамасыз ету департаментінің
(Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Соты аппаратының) басшысы

І. Испанов

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Соттардың қызметін қамтамасыз
ету департаменті
(Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының аппараты)
басшысының
2016 жылғы 11 мамырдағы
№ 6001-16-7-6/196 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі және шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмекпен жүгінуі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) басшысының м.а. 24.04.2019 № 3 (алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы соттарының шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек көрсетуі және құқықтық көмекпен жүгінуі туралы осы Нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық), Қазақстан Республикасы соттарының халықаралық-құқықтық ынтымақтастық саласында шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек көрсету және құқықтық көмекпен жүгіну тәртібін нақтылайды.

1. Осы Нұсқаулықта қамтылған ұғымдар мынадай мағынаға ие:

құзыретті орган - азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша, сондай-ақ халықаралық шартқа не тиісті мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша қатынастарды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік мекеме не Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің соты;

1) Қазақстан Республикасының халықаралық шарты – Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен (немесе мемлекеттермен) не халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше

құжаттарда болуына қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім;

2) құқықтық көмек – бір мемлекет сотының басқа мемлекеттің құзыретті органдарынан келіп түскен тапсырма немесе өтінішхат бойынша істі сотта қарау немесе сот актісін орындауды тану және шешу үшін қажетті процестік әрекеттерді жүргізуі;

4) тапсырма –басқа мемлекеттің аумағында құжаттарды тапсыру және жекелеген процестік әрекеттерді жүргізу туралы сот құжаты;

5) өтінішхат – жеке немесе заңды тұлғаның не соттың басқа мемлекеттің аумағында сот актісін тану және оның орындалуын шешу туралы өтінішпен жүгінуі болып табылады.

3. Соттар нақты мән-жайларды, сот төрелігі мен жалпы қоғамның мүдделерін негізге ала отырып, заңнамаға және/немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес құқықтық көмек көрсетеді.

4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында қамтылатын қағидалардан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттардың қағидалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болмаған кезде, құқықтық көмек шет мемлекеттің құзыретті органының сұрау салуы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы сотының сұрау салуы бойынша өзара түсіністік қағидаты негізінде көрсетілуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасының Соттары соттармен және шет мемлекеттердің басқа мекемелерімен азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша, сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша халықаралық шартқа не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатынастарды жүзеге асыруға уәкілетті орталық және аумақтық органдар арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

6. Қазақстан Республикасы соттарының шет мемлекеттердің соттарымен және басқа мекемелерімен тікелей өзара іс-қимылына Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

7. Шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелерінің тапсырмаларын Қазақстан Республикасының соттары оларды Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі (бұдан әрі – Сот әкімшілігі) немесе оның облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - Департаменттер) арқылы алған кезде, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта құжаттарды жіберудің өзге тәртібі көзделмесе орындайды.

Қарым-қатынас тәртібін бұза отырып, соттарға келіп түскен шет мемлекеттер соттарының немесе басқа мекемелерінің тапсырмалары орындалуға жатпайды және халықаралық шартқа не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

қарым-қатынастарды жүзеге асыруға уәкілетті орталық немесе аумақтық орган арқылы бастамашыға қайтарылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 1453 қаулысының 2-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы соттарының, шет мемлекеттер соттарының тапсырмалары, азаматтық және отбасылық істер бойынша соттардың шешімдерін тану және орындау туралы өтінішхаттар бойынша аталған конвенциялардың ережелерін орындауға Департаменттер уәкілетті.

Осы конвенцияларды іске асыру кезінде Департаменттер тапсырмаларды орындауға байланысты жасалған тапсырмаларды, өтінішхаттарды, құжаттарды, сондай-ақ өтініштерді қанағаттандыру туралы сот актілерін конвенцияға қатысушы мемлекеттердің құзыретті шет органдарына тікелей, ал шет мемлекеттердің соттары мен басқа да мекемелерінің орындалмаған тапсырмаларын және қанағаттандырудан бас тарту немесе қайтару туралы сот актілерін – Сот әкімшілігі арқылы жібереді.

Департаменттердің тапсырмаларды, өтінішхаттарды, сондай-ақ тапсырмаларды немесе өтінішхаттарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған сот актілерін орындауға байланысты жасалған құжаттарды қарау мерзімі олардың түпнұсқалары келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасы соттарының құқықтық көмек көрсетуі

9. Сот әкімшілігіне келіп түскен шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелерінің тапсырмалары, олардың орындалуына кедергі келтіретін себептер болмаған кезде, олардың орындалуын ұйымдастыру үшін шет мемлекеттің құзыретті органы хабардар етіле отырып, аумақтылығы бойынша Департаменттерге жіберіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Шет мемлекеттердің соттары мен басқа да мекемелерінің тапсырмаларын орындау хабарламаларды, басқа да құжаттарды тапсыруды және жіберуді, сондай-ақ өзге де процестік әрекеттерді орындауды, атап айтқанда, тараптарды, куәларды

тыңдауды, сараптама жүргізуді, сол жерде қарап-тексеруді, құқықтық көмек көрсету шеңберінде орындалуы заңнамада немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта не өзара түсіністік негізінде көзделген басқа да процестік әрекеттерді қамтиды.

Тапсырмалар сот отырысы барысында орындалады және хаттама жасалады.

11. Шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелерінің тапсырмаларын, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының Соттары олар келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындайды.

12. Тапсыруға жататын құжаттар шет тілінде жасалған немесе мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге болмаған жағдайларда, егер ол оларды өз еркімен қабылдауға келіссе, олар алушыға тапсырылады.

Құжаттарды тапсыру тапсырылған күні бар растаумен, құжат тапсырылған адамның соттың елтаңбалы мөрімен және судьяның қолымен бекітілген растау құжатымен куәландырылады. Алушы құжатты қабылдаудан бас тартқан жағдайда, тапсырманы орындаушы құжатты алудан бас тарту себебін көрсете отырып, соңғысы қол қойған және соттың мөрімен куәландырылған бас тарту туралы актіні толтырады.

13. Егер тапсырма соттылығына жатпайтындығынан сот оны орындай алмаса, онда сот 5 жұмыс күні ішінде тапсырманы аумақтылығы бойынша басқа сотқа жібереді, бұл туралы 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының құзыретті органына хабарлануы тиіс.

14. Егер сот құжаттарын тапсыру қажет не оған қатысты процестік әрекеттер жүргізілуі тиіс адам құжаттарда көрсетілген мекенжай бойынша тұрмаса (жоқ болса), онда тапсырманы атқарушы сот жеке немесе заңды тұлғаларды тіркеу органдарына және/немесе басқа да уәкілетті органдар мен ұйымдарға тиісті сұрау салу арқылы оның тұрғылықты жерін (орналасқан жерін) анықтау жөнінде шаралар қабылдайды.

Көрсетілген адамның жаңа тұрғылықты жері (орналасқан жері) туралы мәліметтер болмаған жағдайда не тапсырманы орындауға кедергі келтіретін басқа да объективті жағдайлар болған кезде сот тапсырманы орындаудың мүмкін еместігі туралы ерікті нысанда акт жасайды, ол судьяның қолымен және соттың елтаңбалы мөрімен бекітіледі және тапсырманың орындалмау себептерін көрсете отырып, растауды толтырады.

15. Шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелерінің тапсырмаларын орындаудан Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген негіздер бойынша толық немесе ішінара бас тартылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болмаған кезде шет мемлекеттердің соттары мен басқа да мекемелерінің тапсырмаларын орындаудан Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 476-бабының екінші бөлігінде, Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 569-бабының екінші бөлігінде және Қазақстан Республикасы

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 882-бабының төртінші бөлігінде көзделген жағдайларда бас тартылуға тиіс.

Тапсырманы орындаудан бас тартқан не оны орындау мүмкін болмаған жағдайда сот Департамент және Сот әкімшілігі арқылы тапсырманы және оған қоса берілген құжаттарды шет мемлекеттің құзыретті органына қайтарады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Сот тапсырмаларды орындау кезінде тиісті құжаттар (жауап алу хаттамасы, құжаттарды тапсыру туралы растау, шығыстар туралы анықтама және басқа құжаттар) судьяның қолымен бекітіледі, соттың елтаңбалы мөрімен куәландырылады және Департаментке жіберіледі.

Департамент процестік заңнаманың, Қазақстан Республикасының халықаралық шартының және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тапсырмалардың орындалуына байланысты жасалған құжаттардың дұрыс ресімделуін тексереді және құжаттарды Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің құзыретті органына жібереді не анықталған бұзушылықтарды немесе кемшіліктерді жою үшін құжаттарды қайтарады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, өтінішхат Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Өтінішхатты сот актісі пайдасына шығарылған тарап немесе оның сенімхат бойынша өкілі береді.

Шетелдік соттардың сот актілері АПК-нің 501-бабына сәйкес олар заңды күшіне енген сәттен бастап үш жыл ішінде орындалуын тануға және шешуге ұсынылады. Дәлелді себеппен өткізіп алынған мерзімді сот АПК-нің 126-бабында көзделген тәртіппен қалпына келтіреді.

18. Сот өтінішхатты Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында белгіленген мерзімде қарайды.

Сот өтінішхатты қарау кезінде сот актісінің негізділігі туралы мәселелерді талқыламайды, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шартында көзделген талаптардың сақталғанын белгілеумен ғана шектелуге тиіс.

19. Шетелдік Соттың сот актісін Қазақстан Республикасының аумағында тану және орындауға рұқсат беруден Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта көзделген негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік Соттың сот актісін тану және орындауға рұқсат

беруден АПК-нің 504-бабында және ҚПК-нің 608-бабының жетінші бөлігінде көзделген жағдайларда бас тартылуы тиіс.

20. Заңды күшіне енгеннен кейін өтінішхатты қанағаттандыру туралы сот актісі немесе оның куәландырылған көшірмесі одан әрі Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің құзыретті органына жіберу үшін Департаментке жолданады.

Өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартылған немесе қайтарған жағдайда тиісті сот актісі немесе оның куәландырылған көшірмесі Департамент арқылы Сот әкімшілігіне жіберіледі, ол оны шет мемлекеттің құзыретті органына жібереді не анықталған бұзушылықтарды немесе кемшіліктерді жою үшін құжаттарды қайтарады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Шет мемлекеттердің соттарына құқықтық көмек сұрап жүгіну

21. Тапсырмаға іс жүргізуінде жатқан судья не сот төрағасы қол қоюға және оны соттың елтаңбалы мөрімен куәландырылуға тиіс.

Тапсырманың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының халықаралық шартында айқындалады, оның негізінде тапсырма жасалады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болмаған жағдайда, соттар тапсырманы дайындау кезінде ҚПК-нің 560, 565-баптарын, ӘҚБтК-нің 881-бабының үшінші бөлігін және осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

22. Тапсырмада мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) шет мемлекеттің сұрау салынатын мекемесінің атауы;
- 2) тапсырма берген соттың атауы;
- 3) талап қоюшы мен жауапкер көрсетілген құқықтық көмек сұралатын істің атауы мен нөмірі;
- 4) жеке тұлға туралы деректер: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні мен жері, тұратын жері, азаматтығы; заңды тұлға туралы: атауы, заңды мекенжайы немесе орналасқан жері, банктік реквизиттері мен фискалды кодтары;
- 5) жоғарыда көрсетілген тұлғалардың өкілдері болған жағдайда, олардың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және мекенжайы.
- 6) тапсырманың мазмұны, сондай-ақ оны орындау үшін қажетті басқа да мәліметтер

Құжатты беру туралы тапсырмада алушының нақты мекенжайы мен табысталатын құжаттың атауы көрсетілуі керек.

23. Құжаттарды тапсыру туралы тапсырмаға тиісті түрде ресімделген, судьяның қолымен және соттың елтаңбалы мөрімен куәландырылған мынадай құжаттар:

- 1) сот талқылауының күні мен орны туралы хабарлама;
- 2) талап арыз көшірмесі;

3) басқа да құжаттар (азаматтық хал актілерінің көшірмелері, мекенжай анықтамалары және т.б.) қоса беріледі.

24. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, тапсырма мен оған қоса берілген құжаттар (талап арыз көшірмесі, сот хабарламалары, Қазақстан Республикасы соттарының сот актілері және т.б.) сұрау салынатын мемлекеттің ресми тіліне куәландырылған аудармасын қоса бере отырып, мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады.

25. Шет мемлекеттердің соттары мен басқа мекемелеріне тапсырмалар Қазақстан Республикасының құзыретті органына іс қаралатын күнге дейін кемінде 6 ай бұрын жіберілуге тиіс.

26. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттің соттарына немесе басқа мекемесіне жолданатын тапсырма Департаментке жіберіледі.

Департамент тапсырманың Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық шартының және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ресімделуін тексеру қорытындылары бойынша оны Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің құзыретті органына жібереді не анықталған бұзушылықтарды немесе кемшіліктерді жою үшін құжаттарды қайтарады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Өтінішхатты сот актісі пайдасына шығарылған тарап аумағында сот актісі орындалуы тиіс шет мемлекеттің құзыретті сотына береді. Ол сондай-ақ бірінші сатыда сот актісін шығарған сотқа берілуі мүмкін. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, бұл сот өтінішхатты Департаментке жібереді.

Департамент өтінішхатты Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық шартының және осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес ресімделуін тексеру қорытындылары бойынша оны Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің құзыретті органына жібереді не анықталған бұзушылықтарды немесе кемшіліктерді жою үшін құжаттарды қайтарады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Сот әкімшілігі басшысының 17.07.2025 № 5 (алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Қазақстан Республикасы соттарының сот актілері сұрау салушы Тараптың заңнамасында көзделген орындаудың мерзімі өткенге дейін шет мемлекеттің аумағында орындауды тануға және шешуге ұсынылады. Дәлелді себеппен өтіп кеткен мерзім сұрау салынатын тараптың заңнамасында көзделген тәртіппен қалпына келтірілуге тиіс.

29. Өтінішхаттың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының халықаралық шартында айқындалады, оның негізінде өтінішхат жасалады.

30. Өндіріп алушының өтінішхатына бірінші сатыдағы сот мыналарды:

1) сот актісін не оның куәландырылған көшірмесін, сондай-ақ сот актісі заңды күшіне енгені және орындалуға жататыны туралы немесе егер бұл сот актісінің өзінен туындамаса, ол заңды күшіне енгенге дейін орындалуға жататыны туралы ресми құжатты;

2) процеске қатыспаған, қарсы сот актісі шығарылған тарап тиісті тәртіппен болғаны және сотқа уақтылы шақырылғаны, ал ол процестік әрекетке қабілетсіз болған жағдайда тиісті түрде ұсынылғаны туралы құжатты;

3) сот актісін жіберген сәтте оның ішінара орындалуын растайтын құжат;

4) тараптардың шарттық соттылық істері бойынша келісімін растайтын құжатты;

5) Қазақстан Республикасының халықаралық шартында көзделген өзге де құжаттарды қоса береді.

31. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, өтінішхат және оған қоса берілген құжаттар сұрау салынатын мемлекеттің ресми тіліне куәландырылған аудармасын қоса бере отырып, мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады.

32. Сот бұйрықтарын шығару кезінде тараптар Қазақстан Республикасының аумағында тұрған жағдайларды қоспағанда, шет мемлекеттердің аумағында сот бұйрықтарын орындауды тану және шешу көрсетілетін құқықтық көмек көлеміне кірмейді.

АПК-нің 138-бабы 1-бөлігінің 2) тармағына сәйкес, егер борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, судья арыз берушіге талап қою ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну қажеттігін түсіндіре отырып, сот бұйрығын шығару туралы арызды қайтарады.

33. Егер өндіріп алуға төленбеген мемлекеттік баж жататын болса, істі мәні бойынша қараған сот осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен мемлекеттік бажды өндіріп алу бөлігінде сот актісін шет мемлекеттің аумағында тану және орындауға рұқсат беру туралы өтінішхатпен жүгінеді.